


МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ЖШС «ЖАҢАӨЗЕН ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ»

«КЕЛІСЕМІН»

Жаңаөзен қалалық халыққа
қызмет көрсету бөлімі директоры


Тажібаев Т. С.

« 07 » 12 2022 ж



«БЕКІТЕМІ»

Жаңаөзен политехникалық
колледжі» бастысы


Т. А. Болатбаева

« 20 » 20 ж



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мамандық: «06130100- Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)»

Біліктілік:

3W06130102 – Web дизайнер

4S06130105 - Ақпараттық жүйелер технигі

Жаңаөзен – 2022

ҚҰРАСТЫРҒАНДАР

Алдабергенова Гулшат Куанышбековна – «Жаңаөзен политехникалық колледжі» арнайы пәндер оқытушысы;

Буркутова Жанаргуль Джанбирбаевна- Жаңаөзен политехникалық колледжі» басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары;

Якубова Даметкен Курманғалиевна- Жаңаөзен политехникалық колледжі» басшының оқу-әдістемелік ісі жөніндегі;

Тажибаев Е.С. – Жаңаөзен қалалық халыққа қызмет көрсету бөлімінің директоры.

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ, КЕЛІСІЛДІ ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛДЫ

Колледж әдістемелік кеңесі

№__ хаттама «__» _____ 20__ жыл

Колледж Индустриалдық кеңесі

№__ хаттама «__» _____ 20__ жыл

Мазмұны

1	Білім беру бағдарламасына түсіндірме жазба	4
2	Қысқартулар мен белгілеулер тізімі	8
3	Функционалдық карта	9
4	Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптар	12
5	Оқу жұмыс жоспары	24
6	Білім беру бағдарламасының (модульдердің) мазмұны	35
7	Оқу жұмыс бағдарламалары	55
8	Ұсынылатын әдебиеттер тізімі	106

1. Білім беру бағдарламасына түсіндірме жазба

06130100- Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) мамандығының 3W06130102 – Web дизайнер, 4S06130105 - Ақпараттық жүйелер технигі біліктіліктеріне арналған білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жасақталды:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 530 бұйрығы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а 2021 жылғы 21 қаңтардағы № 28 бұйрығы, Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы; Сыныптауыштың сәйкестілігін анықтау үшін 2021 жылғы 17 ақпан № 61 бұйрығы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сәйкестігін анықтау үшін әдістемелік нұсқаулық»;

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021жылғы 23 шілдедегі №362 бұйрығы;

- «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 24.12.2019ж. № 259 бұйрығымен бекітілген «Графикалық және операциялық жүйелерді әкімшілендіру» кәсіби стандарты, кәсіп карточкасы: «Операциялық жүйелер әкімшісі», 2018ж. бұйрығының 1-нұсқасымен бекітілген «Желілік, жүйелік және сервер әкімшілері» кәсіби стандарты, кәсіп карточкасы: «Жүйелік әкімші», 17.06.2017ж. № 171 бұйрығымен бекітілген «Бағдарламалық жасақтама жасау» кәсіби стандарты, кәсіп карточкасы:«Бағдарламалық жасақтама жасаушы», 17.06.2017ж. № 171 бұйрығымен бекітілген «Дерекқорды басқару» кәсіби стандарты, кәсіп карточкасы: «Дерекқорды басқару маманы», 24.12.2019ж. №259 бұйрығымен бекітілген «Бұлтты технологиялар бойынша әзірлемелер» кәсіби стандарты, кәсіп карточкасы: «Бұлтты технологиялар әкімшісі», 17.06.2017ж. № 171 бұйрығымен бекітілген «Ақпараттық қауіпсіздік» кәсіби стандарты, кәсіп карточкасы: «Ақпараттық қауіпсіздік маманы».

- Кәсіби стандарттар: WorldSkills (WSOS) «Веб-технологиялар» 4,5,6,7-бөлімдер (Content Management Systems).

- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (2021.16.09. берілген өзгерістермен), ҚР Білім және ғылым министрінің 2021.16.09. № 472

бұйрығымен (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді);

- Техникалық және кәсіптік білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы (ҚР БҒМ 27.09.2018 ж. №500 бұйрығымен бекітілген (жаңа редакцияда-ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2021.07.21 № 354 бұйрығымен). Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша және академиялық еркіндікті ескере отырып;

- «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы (жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 28.01.2016 №90 бұйрығы);

- «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 31.10.2017 ж. № 553 бұйрығына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы, 15.09.2021 ж. №469 өзгеріс енгізілді;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы №553 бұйрығы "Talar" КЕАҚ сайтында орналастырылған "НҚА жоба 2021" үлгілік оқу жоспарлары 113, 114 қосымшалары(проект);

Жұмыс оқу жоспары техникалық және кәсіптік білім берудің коды мен бейінін, біліктілігін, базасын, нысаны мен нормативтік мерзімін көрсетеді. Жұмыс оқу жоспары оқу пәндерінің (модульдердің) тізімін, көлемін, мамандықтарға, біліктілігіне сәйкес оқыту тәртібі мен бақылау түрлерін, техникалық және кәсіптік білім беру орындарындағы оқу мерзімін мемлекеттік деңгейде белгілейтін негізгі құжаттың бірі болып табылатын және білім беру бағдарламасының жалпы бағытын, көлемі мен негізгі мазмұнын айқындайды.

Жұмыс оқу жоспары жалпы білім беретін міндетті және таңдау бойынша пәндерден құралып сонымен қатар базалық модульден. Кәсіби модульде 2 біліктіліктен тұратын 3W06130102 – Web дизайнер, 4S06130105 - Ақпараттық жүйелер технигі біліктіліктері бойынша 11 модульден, оқу нәтижелерінен тұрады. Жұмыс берушілердің сұранысы бойынша мекемеде өтетін кәсіптік практика қосылды. Теориялық оқытудың күндізгі нысаны оқу уақытының жалпы көлемі аптасына кемінде 36 сағат болатын міндетті оқу жүктемесі есебінен айқындалды (бұл ретте көрсетілген көлемге факультативтік пәндер бойынша сабақтар мен консультациялар кірмейді).

«Жалпы білім беретін пәндер» модулі 1440 сағат, 60 кредитті құрайды. Сонымен қатар қосымша сыныптан тыс жұмыстар және консультациямен қосқанда 1656 сағат жалпы 69 кредитті құрайды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 31.08.2021 –ғы №5-13-2/3424-И шығыс хаты «2021-2022 оқу жылында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарының оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік ұсынымдар» негізінде жалпы білім беру пәннің тізбесі жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша мамандық бейінін ескере отырып айқындалды.

1 Математика – 192 сағат - 8 кредит

- 2 Информатика – 96 сағат - 4 кредит
 - 3 Қазақ тілі – 72 сағат - 3 кредит
 - 4 Қазақ әдебиеті – 72 сағат - 3 кредит
 - 5 Орыс тілі және әдебиеті – 96 сағат - 4 кредит
 - 6 Ағылшын тілі – 96 сағат – 4 кредит
 - 7 Қазақстан тарихы – 96 сағат - 4 кредит
 - 8 Дене тәрбиесі – 120 сағат - 5 кредит
 9. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық – 96 сағат - 4 кредит
- Тереңдетілген деңгейде таңдау пәндер
- 11 Физика – 144 сағат - 6 кредит
 - 12 Химия – 144 сағат - 6 кредит
- Стандарттық деңгейде таңдау пәндер
- 13 Дүниежүзі тарихы – 72 сағат – 3 кредит
 - 14 География – 72 сағат – 3 кредит берілді.

АӘД пәнінің 96 сағаты 1-курстың 1 семестрінде 48 сағат 2 кредит, 2 семестрінде 48 сағат 2 кредит теориялық және әскери дала жиынын оқытылады.

Нәтижесінде жалпы берілген сағаттар бойынша 60% дейін теориялық оқыту, 40% дейін оқу практикалық жұмыстар мен өндірістік оқу болып бөлінді. Кәсіптік модульдерді құрайтын оқу нәтижелеріне WorldSkills стандарттарына сай негізделінді.

Кәсіби қызметте электр жабдығымен жұмыс барысындағы қауіпсіздік техникасы ережелерін, есептеу техникасы және бейнетерминалдар құралдарын пайдалану жөніндегі нормативтік құжаттарды, қауіпсіздік техникасы (ҚТ) және еңбекті қорғау (ЕҚ) бойынша нұсқаулар түрлерін меңгеру үшін КМ01. Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау кәсіптік модулі қосылды.

Жұмыс оқу жоспарларын әрбір құрылымдық элемент үшін (жалпы білім беретін, базалық және кәсіптік модульдер, емтихандар, қортында емтихандар, консультациялар мен факультативтік сабақтар, жұмыс берушілердің талаптарына сонымен қатар академиялық еркіндікті ескере отырып, білім беру ұйымдары анықтаған өндірістік оқыту және кәсіптік практика) оқу мерзіміне байланысты бөлінген оқу уақытының сағаттары, жұмыс оқу жоспарының кәсіптік практика бөлімінде кәсіптік практиканың барлық түрлері көрсетілген. Жұмыс оқу жоспарында бақылау нысаны курстарда және жарты жылдықтарда белгіленетін пәндер бойынша сынақтар мен емтихандарды қамтиды.

Барлық пәндер бойынша, бақылау жұмысы, сынақ алу, емтихан – негізгі түрлері болып есептелетін, аралық аттестация өткізу қарастырылған. Бақылау жұмыстары мен сынақ алу, осы пәнді оқытуға берілген уақыт есебінен өткізіледі; емтихандар – аралық аттестацияға берілген уақытта (дене тәрбиесінен басқасы). Емтихан сессиясының бір аптасына енгізілетін емтихан саны екіден аспайды. Жалпы білім беретін пәндер, оның ішінде модульдерге біріктірілген пәндер бойынша аралық аттестаттау: қазақ тілі, орыс тілі және әдебиеті, Қазақстан тарихы, математика және тереңдетілген деңгейдегі: Физика пәндерінен емтихан өткізуді көздейді. Кәсіби модульдерде аралық аттестацияға біліктіліктің маңызды пәндеріне енгізіледі.

Білім беру бағдарламасы келесі мамандарды дайындау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің (бұдан әрі - ҰБШ) 3 және 4 біліктілік деңгейіндегі құзыреттілік талаптарын ескере отырып дайындалған:

3W06130102 – Web дизайнер, (ҰБШ 3 деңгейі);

4S06130105 - Ақпараттық жүйелер технигі (ҰБШ 4 деңгейі);

Білім беру бағдарламасы жұмысшы мамандығы бойынша мамандарды дайындау мен білікті жұмысшы сертификатын және диплом беруді қарастырады.

Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы циклдар бойынша модульдер тізімін қамтиды: міндетті модульдер; базалық жалпы кәсіптік модульдер; кәсіптік модульдер.

Құзыреттіліктерге негізделген білім беру бағдарламасы өмір бойы білім алу тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, себебі, білім беру бағдарламаларының мазмұны біліктілігі жоғары, бір жағынан құбылмалы еңбек жағдайларына бейімделуге және екінші жағынан кәсіби өсу мен білім алуды жалғастыруға қабілетті мамандар дайындауға бағытталған.

Оқытуды ұйымдастыруға модульдік тұрғыдан келу оқу орындарының білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыру барысында қажет біліктілік алуына қажет кәсіптік модульдерді таңдауына жағдай жасауға мүмкіндік береді, оның аясында білім алушы өзінің оқуын өзі басқара алады және басқаруға тиіс. Бұл оны оқуы үшін, ал болашақта кәсіби өсуі мен мансап жолы үшін жауапкершілік алуға үйретеді. Осылайша, білім алушы тұтынушы ретінде білім беруге қанағаттанады, ол еңбек нарығындағы өзгерістерге жауап қата отырып, өмір бойы білімін жетілдіре алады.

2. Қысқартулар мен белгілеулер тізімі

1. ММ – міндетті модульдер
2. ЖБМ – жалпы білім беру модульдері;
3. ЖГМ – жалпы гуманитарлық модульдер;
4. ӘЭМ – әлеуметтік –экономикалық модульдер;
5. БЖМ – базалық жалпы кәсіби модульдер;
6. КМ – кәсіби модульдер;
7. БҰМ – білім беру ұйымы анықтайтын модульдер;
8. ӨО – өндірістік оқыту;
9. КТ – кәсіптік тәжірибе;
10. АА – аралық аттестация;
11. ҚДБББ –кәсіптік дайындық деңгейін бағалау және біліктілікті беру;
12. ҚА – қорытынды аттестация;
13. К – кеңес беру;
14. Ф – факультативті сабақтар;
15. МЕМСТ – мемлекеттік стандарт;
16. СМС – Контентті басқару жүйесі

3. Функционалдық карта

Негізгі мақсаты	Еңбек функциялары	Кәсіби міндеттер	
«3W06130102 – Web дизайнер» біліктілігі			
Графикалық интерфейсті жобалау және веб-ресурстарды құру	ЕФ1. Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау	КМ1. Ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жұмыс орнында еңбекті ұйымдастыру дағдыларының болуы	
		КМ2. Қауіпсіздік техникасын сақтау	
	ЕФ 2. Графикалық интерфейстің жеке элементтерін беттеу	КМ 1. Графикалық пайдаланушы интерфейс элементтерінің визуалды дизайнын жасау.	
		КМ 2. Графикалық интерфейске қосу үшін графикалық материалдарды дайындау.	
		КМ 3. Дизайн макеттерін дайындау	
	ЕФ 3. Web-ресурстарды құру (түрлендіру) бойынша жұмыстарды орындау	КМ 1. Front-end web-ресурстарды құру	
		КМ 2. Back-end web-ресурстарды құру	
	ЕФ 4. Веб-контентті басқару жүйесін қолдану	КМ 1. Веб-контентті басқару жүйесін орнату	
		КМ 2. Content Management Systems-те қауіпсіздік пен қорғауды баптау	
		КМ 3. Контентті басқару жүйесі үшін жеке шаблондар мен плагиндер жасау	
	«4S06130105 - Ақпараттық жүйелер» технигі		
	Жергілікті есептеу желісіне қызмет көрсету және орнату, бағдарламалық жасақтама кодын әзірлеу және күйін келтіру, БҚ орнату және баптау, деректер қорымен жұмыс істеуін	ЕФ5. Бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етуді орнату және қолдау	КМ1. Бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етудің үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз ету.
КМ2. Сервистік бағдарламалар мен жабдықтарды басқару.			
КМ3. Бағдарламалық және аппараттық мүмкіндіктерді пайдалану.			
ЕФ6. Ұйымның жергілікті есептеу желісі мен серверлік жабдықтарын монтаждау және қызмет көрсету		КМ1. Ұйымның жергілікті есептеу желісін орнату.	
		КМ2. Ұйымның серверлік жабдығын монтаждау.	
		КМ3. Ұйымның серверлік жабдықтарына қызмет	

қамтамасыз ету, бұлтты қызметтерді диагностикалау, АҚ басқару процестерін жоспарлау ұйымдастыру.		көрсету.
	ЕФ7. Бағдарламалық қамтамасыздандырудың бағдарламалық кодын жасау	КМ1. Бағдарламалық қамтамасыздандырудың кодының есептерін рәсімдеу және алгоритмдеу әдістерін, тәсілдерін қолдану.
		КМ2. Бағдарламалық қамтамасыздандырудың дайын талаптарына сәйкес бағдарламалық қамтамасыздандыру кодын әзірлеу.
		КМ3. Бағдарламалық модуль деңгейінде бағдарламалық қамтамасыздандыру кодын түзетуді жүзеге асыру.
	ЕФ8. Бағдарламалық қамтамасыздандыруды орнату, баптау және дерекқордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	КМ1. Дерекқорды басқару үшін бағдарламалық қамтамасыздандыруды орнату.
		КМ2. Дерекқордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету.
		КМ3. Пайдаланушылардың дерекқормен жұмыс істеуін қолдау үшін бағдарламалық қамтамасыздандыруды баптау.
	ЕФ9. Көлемді ресурстарды басқару және көлемді инфрақұрылымына қызмет көрсету	КМ1. Көлемді инфрақұрылымның конфигурациясын баптау.
		КМ2. Көлемді ресурстарды басқару.
		КМ3. Қолданыстағы қызмет компоненттерін қолдау.
	ЕФ10. Автоматтандырылған ақпараттық жүйені техникалық қолдауды орындау	КМ1. Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуі үшін қажетті жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыздандыруды орнату
КМ2. Ақпараттық жүйелерді қолданыстағы ақпараттық жүйелермен біріктіру		
КМ3. Ақпараттық жүйемен байланысты орындалатын жұмыстарға келісім-шарттар жасасуға инженерлік-техникалық қолдау көрсету		
ЕФ11. Ұйымның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету	КМ1. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аппараттық-бағдарламалық құралын орнату	
	КМ2. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аппараттық-бағдарламалық	

		құралдарын әкімшілендіруді жүзеге асыру
		КМЗ. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аппараттық-бағдарламалық құралын орнату

4. Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптар

4.1 Білім беру бағдарламасын меңгерген білім алушы келесі базалық құзыреттерге ие болуы тиіс (бұдан әрі – БҚ):

Базалық құзыреттер	
біліктілігі Web-дизайнер	БҚ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру БҚ 2. Кәсіптік қызметте ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану БҚ 3. Кәсіптік қызметте экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану
біліктілігі Ақпараттық жүйелер технигі	БҚ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру БҚ 2. Қоғамда мен еңбек ұжымында әлеуметтендіру және бейімдеу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану

Базалық модульдер		
БҚ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.
		ОН 1.2. Физикалық қасиеттер мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.
БҚ 2. Кәсіптік қызметте ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.
		ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.
БҚ 3. Кәсіптік қызметте экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.
		ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау.
		ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.
		ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.
		ОН 3.5. Искерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.
БҚ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	БМ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	ОН 4.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну.
		ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну.
		ОН 4.3. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру.
		ОН 4.4. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру.
		ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну.

4.2 Білім беру бағдарламасын меңгерген білім алушы негізгі қызмет түрлеріне сәйкес келетін кәсіби құзыреттілікке (бұдан әрі - КҚ) ие болуы тиіс:

Кәсіби құзыреттер (еңбек қызметінің түрлері)	Оқу нәтижелері (еңбек функциялары)	Оқу мақсаттары		
		Білім	Іскерліктер	Дағдылар
«3W06130102 – Web дизайнер» біліктілігі				
КҚ01. Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау	ОН1. Ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жұмыс орнында еңбекті ұйымдастыру дағдыларының болуы	1. Қызметкердің еңбекті қорғау құқықтарының кепілдіктерін және еңбек қатынастарын ҚР Еңбек кодексінің ережелерімен реттеу. 2. Ұжымдық шартты білу.	1. Дербес компьютерде жұмыс жасау қауіпсіздігін қамтамасыз ететін нормативтік құжаттармен жұмыс жасау.	1. Ақпараттық қызмет көрсету кәсіпорындарында еңбекті қорғауды басқару жүйесінің талаптарын сақтау. 2. Ақпараттық қызмет көрсету кәсіпорындарында қауіпсіз еңбек жағдайын ұйымдастыру.
	ОН2. Қауіпсіздік техникасын сақтау	1. Өндірістік санитария жүйесін сипаттау 2. Шуылдан, дірілден, инфра- және ультрадыбыстан сақтау жүйесін түсіндіру. 3. Өндірістік жарықтандыру жүйесін сипаттайды.	1. Ақпараттық қызмет көрсету кәсіпорындарында өрт қауіпсіздігі негіздерін түсіндіреді.	1. Электронды есептеу техникасын пайдалану кезінде электр қауіпсіздігі талаптарын сақтау.
КҚ02. Жеке графикалық интерфейс элементтерін құру	ОН1. Графикалық пайдаланушы интерфейс элементтерінің визуалды дизайнын жасау.	1. Перспектива, колористика, композиция, жарық пен көлеңке үйлесімділігі, көлемді бейнелеу ережелерін білу.	1. Типографиялық теру және беттеу ережелерімен жұмыс жасау. 2. Дизайн эскиздерімен жұмыс, растрлық кескіндерді дайындау бағдарламаларымен жұмыс жасау.	1. Графикалық пайдаланушы интерфейс элементтерінің визуалды дизайнын жасау. 2. Анимациялық графикамен жұмыс жасау.

			3. Векторлық кескіндерді дайындау бағдарламаларымен жұмыс.	
	ОН2. Графикалық интерфейске қосу үшін графикалық материалдарды дайындау.	1. Дизайн саласындағы қазіргі тенденцияларды білу. 2. Графикалық интерфейс дизайны тұжырымдамасын білу. 3. Стильдерді сипаттау тілдерін білу.	1. Бағдарламалық жасақтамамен жұмыс жасау. 2. Белгілеу тілдері; сценарий тілдерін пайдалану.	1. Графикалық материалдарды дайындау. 2. Растрлық кескіндерді дайындау бағдарламаларымен кескіндерді құру. 3. Векторлық кескіндерді дайындау бағдарламаларымен кескіндерді құру. 4. Үшөлшемді графиканы дайындау бағдарламаларымен кескіндерді құру.
	ОН3. Дизайн макеттерін дайындау.	1. Графикалық пайдаланушы интерфейсіннің стилі бойынша нұсқаулықты әзірлеу және рәсімдеу	1. Беттеудің қолданбалы бағдарламаларымен жұмыс істеу	1. Фирмалық стильді, брендті және стильдік нұсқаулықтарды сақтау ережелерін сақтай отырып дизайн макеттерін дайындау 2. Түпнұсқа-макеттерді дайындау 3. Баспаға дейінгі және кейінгі дайындық және өңдеу жұмыстарын орындау
КҚ03. Web-ресурстарды құру	ОН1. Front-end web-ресурстарды құру.	1. Web-технологиялар қағидаттарын қолдану. 2. Толыққанды сайтты құрудың негізгі кезеңдерін сипаттау. 3. Келісушілік, қол	1. HTML5 тілінің негізгі конструкцияларын қолдану.	1. Сайттын макетін жасау. 2. HTML-құжаттың құрылымын белгілеу. 3. Мәтіндік деректермен, кестелермен, графикалармен жұмыс істеу ережелерін

		жетімділік проблемаларын сипаттау 4. CSS стильдерінің каскадтық кестелерді білу		пайдалану. 4. Фреймдер мен пішіндер жасау. 5. CSS көмегімен парақтар торын жасау. 6. CSS-анимация жасау. 7. JavaScript тілінің көмегімен бағдарламалар жасау. 8. JavaScript шаблондарын қолдану.
	ОН2. Back-end web-ресурстарды құру.	1. Объектілі-бағдарламалау негіздерін білу. 2. Қазіргі заманғы ДҚБЖ қызметін түсіну	1. Серверлік бағдарламалау тілдерінде кодтауды жүргізу(PHP, Ruby, Python және т. б.) 2. Таңдалған бағдарламалау ортасын және дерекқорды басқару жүйесін пайдалану	1. SQL тілімен деректер қорына сілтеме жасау. 2. Бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу үлгілерін (үлгілерін) пайдалану 3.Бағдарламалық қамтамасыз ету кітапханаларын қолдану
КҚ04. Веб-контентті басқару жүйесін қолдану	ОН1. Веб-контентті басқару жүйесін орнату.	1. Мазмұнды басқару жүйелерінің түрлерін білу.	1. Мазмұнды басқару жүйелерін орнату. 2. CMS элементтерін пайдалану.	1. CMS плагиндерін/модульдерін орнату. 2. Мазмұнды басқару жүйелері үшін жеке тақырыптар / шаблондар жасау 3. Админ панелде беттермен жұмыс жасау.
	ОН2. Content Management Systems-те қауіпсіздік пен қорғауды баптау.	1. Content Management Systems-те қауіпсіздік пен қорғау негіздерін білу	1. Қауіпсіздік плагинін орнатады және іске қосады	1. Контентті басқару жүйелерінде сайтты қорғау жүзеге асыру 2. Контентті басқару жүйелерінің әр түрлеріне қауіпсіздік плагиндерін

				орната білу
	ОН3. Контентті басқару жүйесі үшін жеке шаблондар мен плагиндер жасау.	1. Шаблондар мен плагиндер негізгі түсінік қалыптастыру.	1. Шалондар мен плагиндерге бағдарламалау тілдерін пайдаланып, дизайнын жасау.	1. Контентті басқару жүйесі үшін жеке шаблондарды мен плагиндерді жасау. 2. Контентті басқару жүйесі үшін жеке шаблондарды мен плагиндерді бетке орнату
«4S06130105 - Ақпараттық жүйелер технигі» біліктілігі				
КҚ05. Бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етуді орнату және қолдау	ОН1. Бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етудің үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз ету.	1. Бағдарламалық қамтамасыз етудің құрамы мен құрылымы және операциялық жүйелерді білу	1. Бағдарламалардың жіктелімін ажырату: операциялық жүйелер, драйверлер 2. Операциялық жүйелердің типтерін ажырату	1. Бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңғырту технологиясын қолдану 2. Жүйелік бағдарламаларды және файлдар пакетін икемдеу 3. Ішкі құрылғаларының сипаттамасын және ақпарат тасығыштардың түрлерін пайдалану
	ОН2. Сервистік бағдарламалар мен жабдықтарды басқару.	1. Сервистік бағдарламалар, гаджеттер және ОЖ-нің басқа мүмкіндіктерін (желілік және желілік емес) білу 2. ОЖ басқаруға арналған бағдарламалық құралдарды білу 3. ОЖ утилиталарының функционалды мақсаттарын білу	1. АТ – инфрақұрылымының жабдықтарына мониторинг жүргізу және басқару;	1. Пайдаланылатын ОЖ қатысты бағдарламалық өнімдер мен жабдықтарды таңдау 2. ОЖ қателері кезінде деректердің сақтық көшірмесін жасау және қалпына келтіру. 3. ОЖ сервистік бағдарламаларын толық көлемде пайдалану
	ОН3. Бағдарламалық және аппараттық мүмкіндіктерді пайдалану.	1. ДК-де бірнеше операциялық жүйенің жұмыс жасау кезеңдері мен ережелерін білу	1. ОЖ үшін фреймворктерді орнату	1. Брандмауэрды баптау (firewall) 2. Қолданбалы бағдарламаларды, қызметтік

		<p>2. ОЖ архитектурасын білу</p> <p>3. Заманауи операциялық жүйелерді, ОЖ утилиталарын және ОЖ-дегі басқа да жаңалықтарды білу</p>		<p>утилиталарды, қосымша ОЖ гаджеттерін жою және орнату, монитор драйверінің түрін, экранның ажыратымдылығы және түс тереңдігін өзгерту</p> <p>3. Жабдықты тексеру және конфигурациялау, Интернет баптауларын өзгерту</p> <p>4. Операциялық жүйемен конфигурациялау үшін ОЖ реестрін пайдалану</p>
<p>КҚ06. Ұйымның жергілікті есептеу желісі мен серверлік жабдықтарын монтаждау және қызмет көрсету</p>	<p>ОН1. Ұйымның жергілікті есептеу желісін орнату.</p>	<p>1. Компьютерлік жабдықтарды орнату, қосымша құрылғыларды қосу.</p>	<p>1. Ұйымның жұмыс станцияларына профилактикалық жұмыстар жүргізу.</p> <p>2. Компьютерлге ұсақ жөндеу жұмыстарын жүргізу.</p> <p>3. Ұйымның компьютерлік, серверлік жабдықтар мен перифериялық құрылғыларын жөндеуге өтінімдер жасау.</p>	<p>1. Жаңа жұмыс орындарын ауыстыру және орнату.</p> <p>2. Деректерді уақытылы көшіруді қамтамасыз ету, мұрағаттау және резервтеу.</p> <p>3. Жергілікті және ғаламдық желілерге қол жеткізуді ұйымдастыру.</p> <p>4. Үздіксіз жұмыс істеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету (компьютерлік желілердің жұмыс істеуі, серверлік станциялардың жабдықтары мен перифериялық құрылғылар).</p> <p>5. Wi-Fi сымсыз компьютерлік желілерінің жабдықтарын орнату және баптау.</p>
	<p>ОН2. Ұйымның серверлік жабдығын</p>	<p>1. Желілік технологиялар және желілік</p>	<p>1. Желілік жабдықтар мен желілерді құру</p>	<p>1. Желілердегі ақаулар диагностика</p>

	монтаждау.	сервистердің негіздерін білу		2. Серверлерді баптау және қолдау
	ОН3. Ұйымның серверлік жабдықтарына қызмет көрсету.	1.Серверлік аппараттарды ажырата білу	1. Сервердің аппараттық және бағдарламалық бөлігінің жұмыс жағдайын тексеру 2. Операциялық жүйелерді орнату және баптау 3. Драйверлерді орнату және орнату 4. Вирусқа қарсы БҚ орнату және баптау	1. Операциялық жүйелердің конфигурациясын теңшеу 2. Виртуалды серверлердің кластерлеріне қызмет көрсету 3. Қашықтан қосылуды орнату
КҚ07. Бағдарламалық қамтамасыздандырудың бағдарламалық кодын жасау	ОН1. Бағдарламалық қамтамасыздандырудың кодының есептерін рәсімдеу және алгоритмдеу әдістерін, тәсілдерін қолдану.	1. БҚ алгоритмдерін құрады және талдайды сондай-ақ оның күрделілігін бағалау	1. БҚ бағдарламалық кодын рәсімдеу	1. Әртүрлі бағдарламалау ортасында жоғары деңгейлі бағдарламалау тілінде бағдарламалауды орындау 2. Мәліметтер қорын жобалау
	ОН2. Бағдарламалық қамтамасыздандырудың дайын талаптарына сәйкес бағдарламалық қамтамасыздандыру кодын әзірлеу.	1. Ұйымда белгіленген талаптарға сәйкес бастапқы бағдарламалық кодты құрылымдайды, форматтайды, түсініктеме береді және белгілеу	1. Айнымалылардың, функциялардың, класс, деректер құрылымдарының және файлдардың атауларын ұйымда белгіленген талаптарға сәйкестендіру	1. БҚ мен ДБ әрбір компонентін оған қойылатын талаптарға сәйкестікке тестілеу 2. Жасалған жұмыстың нәтижелері бойынша есептік құжаттаманы әзірлеу
	ОН3. Бағдарламалық модуль деңгейінде бағдарламалық қамтамасыздандыру кодын түзетуді жүзеге	1. БҚ бағдарламалық модульдерін және компоненттерін біріктіру рәсімдерін орындау	1. БҚ бағдарламалық кодында ақаулардың пайда болу себептерін анықтау және оларды жою	1. БҚ бағдарламалық кодының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және оны ретке келтіру

	асыру.			
КҚ08. Бағдарламалық қамтамасыздандыруды орнату, баптау және дерекқордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	ОН1. Дерекқорды басқару үшін бағдарламалық қамтамасыздандыруды орнату.	1. Әкімшілердің ДҚ-мен жұмысын қамтамасыз ету үшін БҚ орнату және баптау	1. Аппараттық-бағдарламалық кешен ресурстарын орнату және басқару 2. Жүйелік және қолданбалы БҚ орнату және конфигурациялау	1. Орнату және конфигурациялау кезінде туындаған қателерді анықтау және жою
	ОН2. Дерекқордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету.	1. БҚ жұмысқа қабілеттілігінің мониторингін жүргізу	1. ДҚ қолданылуына мониторинг жүргізу 2. Деректер қорын пайдалану құжаттамасын жүргізу және қолдану	1. ДҚ жұмыс істеп тұрған кезде пайда болған штаттан тыс жағдайларға шаралар қолдану 2. ДҚ пайдалану нәтижелері негізінде аппараттық-бағдарламалық кешенді жаңарту қажеттілігін талдау 3. Деректер қорына сұраныстарды құрады және орындау
	ОН3. Пайдаланушылардың дерекқормен жұмыс істеуін қолдау үшін бағдарламалық қамтамасыздандыруды баптау.	1. Деректерді басқару және сұраныстар тілінде сұраныстарды құру	1. Деректерді басқару және сұраныстар тілінде сұраныстарды құру	1. Пайдаланушылардың ДҚ-мен жұмысын қолдау үшін БҚ орнатудың арнайы процедураларын қолдану 2. ДҚ мен пайдаланушылары арасындағы жұмысты қолдау үшін БҚ баптау нәтижелерін бақылау
КҚ09. Көлемді ресурстарды басқару және көлемді инфрақұрылымына қызмет көрсету	ОН1. Көлемді инфрақұрылымның конфигурациясын баптау.	1. Бұлтты технология негіздерін білу	1. Бұлтты технологиялар саласындағы нормативтік-техникалық құжаттаманы пайдалану	1. Виртуалды серверлерді және олардың операциялық жүйелерінің конфигурациясын баптау 2. Бұлтты виртуализациялау құралдарын

				конфигурациялау 3. Бұлтты серверлердің серверлік жабдықтарын баптау
	ОН2. Көлемді ресурстарды басқару.	1. Техникалық құжаттаманы жүргізуді білу	1. Бұлтты инфрақұрылымның серверлік операциялық жүйелерінің жұмысында пайда болатын типтік қателерді анықтау және жою 2. Деректерді жинау мен өңдеудің бағдарламалық және техникалық құралдарын пайдалану	1. Әкімшілендірілетін бұлтты қызметтердің параметрлерін орнату кезінде салалық стандарттарды қолдану
	ОН3. Қолданыстағы қызмет компоненттерін қолдау.	1. Бұлт ресурстарын пайдалану профиліне мониторинг жүргізу	1. Бұлт ресурстарын пайдалану профиліне мониторинг жүргізу	1. Бұлтты қызмет компоненттерін жаңарту 2. Клиенттік виртуалды деректер өңдеу орталығын конфигурациялау 3. Сыртқы желілерді теңшеу
КҚ10. Автоматтандырылған ақпараттық жүйені техникалық қолдауды орындау	ОН1. Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуі үшін қажетті жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыздандыруды орнату	1. Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеу принципін білу	1. Бағдарламалық қамтамасыздандыруды орнату	1. Ақпараттық жүйелерді жетілдіру, жана функционалдық мүмкіндіктерді енгізу
	ОН2. Ақпараттық жүйелерді қолданыстағы ақпараттық жүйелермен біріктіру	1. Ақпараттық жүйелердің типтерін ажырата білу	1. Ақпараттық жүйелердің типтерін ажырата білу	1. Ақпараттық жүйелерді қолданыстағы ақпараттық жүйелермен беттестіру.
	ОН3. Ақпараттық жүйемен байланысты	1. Инженерлік-техникалық келісім-шарт	1. Инженерлік-техникалық келісім-шарт жасау	1. Ақпараттық жүйенің орындалатын жұмыстарына

	орындалатын жұмыстарға келісім-шарттар жасасуға инженерлік-техникалық қолдау көрсету	жасау		талдау жүргізу
КҚ11. Ұйымның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету	ОН1. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аппараттық-бағдарламалық құралын орнату	1. АҚ аппаратты-бағдарламалық қамтамасыз ету құрылғыларының арналуын, техникалық сипаттамасын, құрылымын, ерекшеліктері мен пайдалану ережелерін білу	1. АҚ аппаратты-бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын орнату, ретке келтіру және басқару 2. Компьютерлік желілерде желіаралық экрандар орнату	1. Операциялық жүйелерде ақпаратты қорғаудың вирусқа қарсы құралдарын орнату, ретке келтіру және басқару
	ОН2. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аппараттық-бағдарламалық құралдарын әкімшілендіруді жүзеге асыру	1. АҚ аппаратты-бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарынның жұмыс істеу және басқару қағидаларын білу	1. Ақпаратты қорғау бойынша қолданыстағы талаптарды сақтай отырып, компьютерлік желілерде жұмыс істеу 2. Компьютерлік желілерде ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-аппараттық құралдарын қолдану	1. Ақпаратты қорғау құралдарының бағдарламалық қамтылымын қоса алғанда, бағдарламалық қамтылым жаңартуларын орнату
	ОН3. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аппараттық-бағдарламалық құралын орнату	1. Осалдықты мониторингілеу жүйесін, АҚ мониторингілеу жүйесін және ақпараттың таралып кетуін болдырмау жүйесінің арналуы, оларды қолдану салалары мен жасау қағидаларын білу	1. Осалдықты мониторингілеу жүйелерін, АҚ мониторингілеу жүйелерін және ақпараттың жайылып кетуіне жол бермеу, антивирустық қорғаныс, антивирустық базаны жаңарту жүйелерін басқару 2. АҚ оқиғалары, сыни	1. Компьютерлік желілердегі ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-аппараттық құралдарының тиімділігіне мониторинг, талдау және салыстыру жүргізу

		2. АҚ ақаулары мен сыни (апаттық) жағдайлардың салдарларын анықтау, жолын кесу және жою тәсілдерін білу	(апаттық) жағдайлары және АҚ ақауларын мониторингілеу.	
--	--	---	--	--

5. Оқу жұмыс жоспары

ЖҰМЫС ОҚУ ЖОСПАРЫ																			
Мамандығы: 06130100 - Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)*																			
Біліктілігі: 3W06130102 - Web-дизайнер																			
4S06130105 - Ақпараттық жүйелер технигі																			
Индекс	Модуль/ пән атауы	Бақылау формасы			Оқу уақытының көлемі							Курс және семестр бойынша							
		Емтихан	сынақ	бақылау жұмысы	кредиттер	барлық сағат саны	соның ішінде					1 курс		2 курс		3 курс		4 курс	
							теориялық	зертханалық/ тәжірибелік	курстық жоба/жұмыс	Өнд. оқыту/ өндірістік тәж.	жеке	1 семестр 20апта	2 семестр 18апта	семестр 3 20 апта	семестр 4 10 апта	семестр 5 12 апта	семестр 6 11,7 апта	семестр 7 16 апта	семестр 8 7 апта
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	17	18
ЖБП 00	Жалпы білім беретін пәндер				57	1440	612	756	0	0	0	720	648	720	360	432	420	576	252
ЖЕМ 01	Математика	емт			8	192	96	96				72	120						
ЖЕМ 02	Информатика				2	48		48					48						
ЖЕМ 03	Қазақ тілі	емт			3	72	24	48				48	24						
ЖЕМ 04	Қазақ әдебиеті	емт			3	72	48	24				48	24						
ЖЕМ 05	Орыс тілі және әдебиеті				4	96	48	48				48	48						
ЖЕМ 06	Шетел тілі				4	96	48	48				48	48						
ЖЕМ 07	Қазақстан тарихы	емт			4	96	96					96							
ЖЕМ 08	Өзін-өзі тану				2	48		48				48							
ЖЕМ 09	Дене тәрбиесі				5	120		120				48	72						
ЖЕМ 10	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық				4	96	24	72				48	48						
	Таңдау бойынша пәндер (тереңдегі деңгей)																		
ЖЕМ 11	Физика		сын		6	144	90	54				72	72						
ЖЕМ 12	Химия		сын		6	144	90	54				72	72						
	Таңдау бойынша пәндер (стандарттық деңгей)																		
ЖЕМ 13	Биология				3	72	24	48				72							
ЖЕМ 14	География				3	72	24	48					72						
	Аралық аттестация*				3	72		72					72						
	Негізгі оқытуға барлығы				60	1440	612	828											
	Факультативтер					120	120					60	60						
	Консультациялар					100	72					36	36						

3W06130102 - Web-дизайнер біліктілігі																	
Базалық модульдер					12	288	76	212	0	0	0	0	0				
БМ 01	Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру				6	144		144						48	24	48	24
	Дене тәрбиесі																
БМ 02	Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану				3	72	36	36						72			
	Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологиялар																
БМ 03	Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану				3	72	40	32									72
	Экономика негіздері																
	Кәсіпкерлік негіздері																
Кәсіптік модульдер					103	2400	926	682	0	792							
КМ 01	Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау				2	48	32	16	0	0	0	0	0				
ОН 1.1	Ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жұмыс орнында еңбекті ұйымдастыру дағдыларын болуы				1	24	14	10						24			
ОН 1.2	Қауіпсіздік техникасын сақтау				1	24	18	6						24			
КМ 02	Жеке графикалық интерфейс элементтерін құру				39	936	348	300	0	288	0	0	0				
ОН 2.1	Графикалық пайдаланушы интерфейс элементтерінің визуалды дизайнын жасау.				7	168	68	100						168			
ОН 2.2	Графикалық интерфейске қосу үшін графикалық материалдарды дайындау.				10	240	120	120						240			
ОН 2.3	Дизайн макеттерін дайындау.				10	240	160	80							240		
	Өндірістік оқыту				12	288				288							

КМ 03	Web-ресурстарды құру				32	768	246	234	0	288	0	0	0				
<i>ОН 3.1</i>	<i>Front-end web- ресурстарды құру.</i>				10	240	126	114							240		
<i>ОН 3.2</i>	<i>Back-end web- ресурстарды құру.</i>	сmt			10	240	120	120								240	
	<i>Өндірістік оқыту</i>				12	288				288							
КМ 04	Веб-контентті басқару жүйесін қолдану				27	648	300	132	0	216	0	0	0				
<i>ОН 4.1</i>	<i>Веб-контентті басқару жүйесін орнату.</i>				7	168	120	48								180	
<i>ОН 4.2</i>	<i>Content Management Systems-те қауіпсіздік пен қорғауды баптау.</i>				5	120	80	40									120
<i>ОН 4.3</i>	<i>Контентті басқару жүйесі үшін жеке шаблондар мен плагиндер жасау.</i>				6	144	100	44									144
	<i>Өндірістік оқыту</i>				9	216				216							
	ББҰМ				3	72											72
	Аралық аттестация*				3	72											
	Қорытынды аттестация*				2	48											
	Негізгі оқытуға барлығы				100	2400											
	Факультативтер					252											
	Консультациялар					100											

«4S06130105 – Ақпараттық жүйелер технигі» біліктілігі																		
Базалық модульдер					5	120	30	90										
БМ 01	Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру				3	72		72									36	36
БМ 04	Қоғамда мен еңбек ұжымында әлеуметтендіру және бейімдеу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану				2	48											24	24
	Кәсіптік модульдер				38	864	356	220		288								
КМ 05	Бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз студі орнату және қолдау				4	96	50	46	0		0	0	0	0	0	0	0	
ОН 5.1	Бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз студің үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз ету.				2	48	30	18									48	
ОН 5.2	Сервистік бағдарламалар мен жабдықтарды басқару.				1	24	10	14									24	
ОН 5.3	Бағдарламалық және аппараттық мүмкіндіктерді пайдалану.				1	24	10	14									24	
КМ 06	Ұйымның жергілікті есептеу желісі мен серверлік жабдықтарын монтаждау және қызмет көрсету				5	120	78	42	0	0	0	0	0	0	0	0	0	
ОН 6.1	Ұйымның жергілікті есептеу желісін орнату.				2	48	30	18									48	
ОН 6.2	Ұйымның серверлік жабдығын монтаждау.				2	48	30	18									48	
ОН 6.3	Ұйымның серверлік жабдықтарына қызмет көрсету.				1	24	18	6									24	
КМ 07	Бағдарламалық қамтамасыздандырудың бағдарламалық кодын жасау				8	144	54	18	0	72	0	0	0	0	0	0	0	
ОН 7.1	Бағдарламалық қамтамасыздандырудың кодының есептерін рәсімдеу және алгоритмдеу әдістерін, тәсілдерін қолдану.				1	24	18	6									24	

ОН 7.2	Бағдарламалық қамтамасыздандырудың дайын талаптарына сәйкес бағдарламалық қамтамасыздандыру кодын әзірлеу.				2	48	18	6	кж									48	
ОН 7.3	Бағдарламалық модуль деңгейінде бағдарламалық қамтамасыздандыру кодын түзетуді жүзеге асыру.	емт			2	48	18	6										48	
	Өндірістік оқыту				3	72				72									
КМ 08	Бағдарламалық қамтамасыздандыруды орнату, баптау және дерекқордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету				6	144	48	24	0	72	0	0	0	0	0	0	0		
ОН 8.1	Дерекқорды басқару үшін бағдарламалық қамтамасыздандыруды орнату.				1	24	16	8										24	
ОН 8.2	Дерекқордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету.				1	24	16	8										24	
ОН 8.3	Пайдаланушылардың дерекқормен жұмыс істеуін қолдау үшін бағдарламалық қамтамасыздандыруды баптау.	емт			1	24	16	8										24	
	Өндірістік оқыту				3	72				72									
КМ 09	Көлемді ресурстарды басқару және көлемді инфрақұрылымына қызмет көрсету				3	72	36	36	0	0	0	0	0	0	0	0	0		
ОН 09.1	Көлемді инфрақұрылымның конфигурациясын баптау.				1	24	12	12											24
ОН 09.2	Көлемді ресурстарды басқару.				1	24	12	12											24
ОН 09.3	Қолданыстағы қызмет компоненттерін қолдау.				1	24	12	12											24
КМ 10	Автоматтандырылған ақпараттық жүйені техникалық қолдауды орындау				6	144	54	18	0	72	0	0	0	0	0	0	0		

ОН 10.1	Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуі үшін қажетті жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыздандыруды орнату			1	24	18	6												24
ОН 10.2	Ақпараттық жүйелерді қолданыстағы ақпараттық жүйелермен біріктіру	емт		1	24	18	6												24
ОН 10.3	Ақпараттық жүйемен байланысты орындалатын жұмыстарға келісім-шарттар жасасуға инженерлік-техникалық қолдау көрсету			1	24	18	6												24
	Өндірістік оқыту			3	72				72										
КМ 11	Ұйымның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету			6	144	36	36	0	72	0	0	0	0	0	0	0	0		
ОН 11.1	Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аппараттық-бағдарламалық құралын орнату			1	24	12	12												24
ОН 11.2	Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аппараттық-бағдарламалық құралдарын әкімшілендіруді жүзеге асыру			1	24	12	12												24
ОН 11.3	Ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары мен жағдайларына мониторинг жүргізу			1	24	12	12												24
	Өндірістік оқыту			3	72				72										
	Аралық аттестация*			2	48														
	Қорытынды аттестация*			3	72														
	Диплом алды тәжірибе			6	144														
	Диплом жобалау			6	144														
	Негізгі оқытуға барлығы			60	1440														
	Факультативті сабақ				132														
	Консультация				100														

06130100- Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) мамандығы бойынша оқу жоспарына түсіндірме жазба

1. Оқу жоспары кәсіби дайындықтың құрылымдық мазмұнын білдіреді, модульдер бойынша оқу уақыты көлемін, модульдерді оқу реттілігін қамтиды.

2. Оқу бағдарламасы және оқыту жоспары әр түрді модульдерден құралады. «Модуль» термині теориялық және тәжірибелік блоктарды үйлестіру арқылы «оқыту салаларының» үлгісін түсіндіреді. Осылайша қажетті модуль мамандық бойынша дайындық шеңберінде қарастырылатын құзыреттілікті меңгеру мен дамытуға негізделеді.

«Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша оқу жоспары келесі оқу циклдарына бөлінеді:

- Жалпы білім беру модульдері
- Жалпы гуманитарлық модульдер (мысалы: кәсіби қазақ (орыс) тілі, мемлекеттік тілде іс жүргізу, кәсіби шет тілі, дене шынықтыру)

- Базалық жалпы кәсіптік модульдер теориялық сабақтар сағаттары, зертханалық-тәжірибелік жұмыстар және өндірістік оқытудан құралады

- Кәсіптік модульдерде де теориялық сабақтар сағаттары, зертханалық-тәжірибелік жұмыстар және өндірістік оқыту болады.

- Өндірістік оқыту және кәсіптік тәжірибеден құралады.

- Аралық аттестация

- Қорытынды аттестация

- Консультация

- Факультативті сабақтар – әлеуметтік бағыттағы пәндер циклын оқу ұсынылады.

Әзірленген оқу жоспары сағаттарды модульдер, бақылау формалары және аттестаттау бойынша білім алушылардың біліктілік деңгейлерін есептей отырып бөлуді қарастырады.

Әзірленген оқу жоспары өндірістік оқытуды кәсіптік модульдермен үйлестіруді қарастырады, яғни өндірістік оқу кәсіптік модульдер бойынша жіктеледі.

Оқу уақытының көлемі жұмыс беруші талаптарын ескере отырып өзгертілуі мүмкін.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік тәжірибені ұйымдастыру келесі тармақтардан құралады:

- оқыту және дағдыларды қалыптастыру бойынша өндірістік жұмыс (зертхана мен шеберханада өндірістік оқыту);

- оқыту және дағдыларды дамыту бойынша өндірістік жұмыс (оқу зертханалары мен шеберханаларды өндірістік оқыту, кәсіптік тәжірибе және өндірістегі білім беру);

- кәсіптік тәжірибе (технологиялық, диплом жазу).

Әрбір тәжірибе түрінің ұзақтығы маман біліктілігі бейіні талаптарына сәйкес анықталады.

Өндірістік оқыту оқу шеберханаларында білікті және тәжірибелі нұсқаушылардың басшылығымен жүргізіледі. Студенттер өзара байланысты жұмыстардың белгілі мөлшерін тәжірибе барысында меңгеруі тиіс.

Кәсіптік тәжірибе сәйкес ұйымдарда, жұмыс орындарында жүргізіледі, ол білімді шоғырландыруға бағытталады. «Web-дизайнер» біліктілігі үшін бұл тәжірибені үшінші оқу жылының екінші семестрінде өткізу ұсынылады, ол негізінен жұмысқа рұқсат берілген және талаптары анықталған орында өтуі керек. Оқу бағдарламасына сәйкес студенттерді қадағалау және нұсқау беру үшін жауапты «тәжірибелі қызметкердің» болуы қажет. Жұмыс беруші компаниялар мамандарды кәсіптік тәжірибеге қабылдаудың талаптарын негізгі пәндер бойынша орта ұпай санын ескере отырып дайындайды.

Жоғары деңгейге ауысу критерийі аттестаттауды тапсыру болып табылады (аралық және қорытынды).

Аралық аттестация оқу жылының соңында өткізіледі. Аралық емтихандар саны біліктілік деңгейіне тәуелді болады. Аралық аттестаттауды екі кезеңде өткізу ұсынылады. Бірінші бөлісі сәйкес оқу жылындағы модульдер мазмұнын көрсетеді. Екінші бөлімі сәйкес дайындық деңгейімен байланысты тапсырмаларды анықтайды (3,4 немесе 5 деңгейлер).

Аралық емтиханның сәйкес мазмұны модульдер мазмұнымен анықталады және оларды студент аталған оқу жылында оқыған болуы керек. Бұдан басқа тапсырмалар мен есептер кәсіби дайындықтың сәйкес деңгейін көрсетуі керек (3,4 немесе 5 деңгей).

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттерін *қорытынды аттестация* қамтиды:

– Білім беру ұйымдарындағы білім алушылар аттестациясы;

– Кәсіби дайындықты бағалау және біліктілік беру (белгіленген және жоғары біліктілік деңгейлері үшін).

Білім беру ұйымдарындағы студенттердің қорытынды аттестациясы білім беру бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтау мақсатында оқу курсы қорытындысы бойынша жүргізіледі.

